

**"2020-2022 жылдарға арналған Тұрғысын ауылдық округінің бюджеті туралы"
Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 61/14- VI
шешіміне өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы**

Күшін жойған

Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 2 шілдедегі № 69/16-VI шешімі. Шығыс Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2020 жылғы 9 шілдеде № 7309 болып тіркелді. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № 77/15-VI шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданы мәслихатының 25.12.2020 № 77/15-VI шешімімен (01.01.2021 бастап қолданысқа енгізіледі) .

З Қ А И - н ы ң е с к е р т п е с і .

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған

Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 4 желтоқсандағы Бюджет кодексінің 106, 109 -1 баптарына,, Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 1) тармақшасына, "2020-2022 жылдарға арналған Алтай ауданының аудандық бюджеті туралы", "2020-2022 жылдарға арналған Алтай ауданының аудандық бюджеті туралы" Алтай ауданы мәслихатының 2019 жылғы 27 желтоқсандағы № 60/2-VI шешіміне өзгерістер енгізу туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 11 маусымдағы № 67/2-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 7219 тіркелген) шешіміне сәйкес, Алтай ауданының мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. "2020-2022 жылдарға арналған Тұрғысын ауылдық округінің бюджеті туралы" Алтай ауданының мәслихатының 2020 жылғы 5 қаңтардағы № 61/14-VI (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде № 6513 тіркелген, Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкінде электрондық түрде 2020 жылғы 18 қаңтарда жарияланған) шешіміне мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақ келесі редакцияда жазылсын:

"1. 2020-2022 жылдарға арналған Тұрғысын ауылдық округінің бюджеті тиісінше 1, 2 және 3-қосымшаларға сәйкес, оның ішінде 2020 жылға мынадай көлемде бекітілсін:

- 1) кірістер – 21565,0 мың теңге, соның ішінде:
салықтық түсімдер – 2658,0 мың теңге;
салықтық емес түсімдер – 367,7 мың теңге;
негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
трансферттер түсімі – 18539,3 мың теңге;
 - 2) шығындар – 21565,0 мың теңге;
 - 3) таза бюджеттік кредиттеу – 0 теңге, соның ішінде:
бюджеттік кредиттер – 0 теңге;
бюджеттік кредиттерді өтеу – 0 теңге;
 - 4) қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо – 0 теңге, соның ішінде:
қаржы активтерін сатып алу – 0 теңге;
мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер – 0 теңге;
 - 5) бюджет тапшылығы (профициті) – 0 мың теңге;
 - 6) бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану) – 0 мың теңге
- , соның ішінде:
- қарыздар түсімі – 0 теңге;
 - қарыздарды өтеу – 0 теңге;
 - бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары – 0 мың теңге.";
- аталған шешім мынадай мазмұндағы 2-1-тармақпен толықтырылсын:

"2-1. 2020 жылға арналған Тұрғысын ауылдық округінің бюджетінде аудандық бюджеттен 4994,3 мың теңге сомада трансферттер көлемі қарастырылсын.";

аталған шешімнің 1-қосымшасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. Осы шешім 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі.

Сессия төрайымы

Алтай ауданының мәслихат хатшысы

С. Мангулова

Л. Гречушникова

Алтай ауданының
мәслихатының 2020 жылғы
2 шілдедегі № 69/16-VI
шешіміне қосымша
Алтай ауданының
мәслихатының 2020 жылғы
5 қаңтардағы № 61/14-VI
шешіміне 1- қосымша

2020 жылға арналған Тұрғысын ауылдық округінің бюджеті

Санаты	
--------	--

Сыныбы			Сомасы (мың теңге)
	Ішкі сыныбы		
		Кірістер атауы	
		I. Кірістер	21565,0
1		Салықтық түсімдер	2658,0
	01	Табыс салығы	500,0
	2	Жеке табыс салығы	500,0
	04	Меншікке салынатын салықтар	2158,0
	1	Мүлікке салынатын салықтар	62,0
	3	Жер салығы	260,0
	4	Көлік құралдарына салынатын салық	1836,0
2		Салықтық емес түсімдер	367,7
	01	Мемлекеттік меншіктен түсетін кірістер	49,0
	5	Мемлекет меншігіндегі мүлікті жалға беруден түсетін кірістер	49,0
	06	Басқа да салықтық емес түсімдер	318,7
	1	Басқа да салықтық емес түсімдер	318,7
3		Негізгі капиталды сатудан түсетін түсімдер	0,0
4		Трансферттер түсімі	18539,3
	02	Мемлекеттік басқарудың жоғары тұрған органдарынан түсетін трансферттер	18539,3
	3	Аудандардың (облыстық маңызы бар қаланың) бюджетінен трансферттер	18539,3

Функционалдық топ				Сомасы (мың теңге)
Функциялдық кіші топ				
	Бюджеттік бағдарламалардың әкімшісі			
	Бағдарлама			
		Шығындар атауы		
		II. Шығындар		21565,0
01		Жалпы сипаттағы мемлекеттік қызметтер		17452,0
	1	Мемлекеттік басқарудың жалпы функцияларын орындайтын өкілді, атқарушы және басқа органдар		17452,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		17452,0
		001	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің қызметін қамтамасыз ету жөніндегі қызметтер	14452,0
		022	Мемлекеттік органның күрделі шығыстары	3000,0
07		Тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық		1600,0
	3	Елді-мекендерді көркейту		1600,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты		1600,0
		008	Елді мекендердегі көшелерді жарықтандыру	1300,0
		011	Елді мекендерді абаттандыру мен көгалдандыру	300,0
12		Көлік және коммуникация		2513,0
	1	Автомобиль көлігі		2513,0

	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	2513,0
	013	Аудандық маңызы бар қалаларда, ауылдарда, кенттерде, ауылдық округтерде автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету	2513,0
		III. Таза бюджеттік кредиттеу	0,0
		Бюджеттік кредиттер	0,0
5		Бюджеттік кредиттерді өтеу	0,0
		IV.Қаржы активтерімен операциялар бойынша сальдо	0,0
		Қаржы активтерін сатып алу	0,0
6		Мемлекеттің қаржы активтерін сатудан түсетін түсімдер	0,0
		V.Бюджет тапшылығы (профициті)	0,0
		VI.Бюджет тапшылығын қаржыландыру (профицитін пайдалану)	0,0
7		Қарыздар түсімі	0,0
16		Қарыздарды өтеу	0,0
1		Қарыздарды өтеу	0,0
	124	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімінің аппараты	0,0
	056	Аудандық маңызы бар қала, ауыл, кент, ауылдық округ әкімі аппаратының жоғары тұрған бюджет алдындағы борышын өтеу	0,0
8		Бюджет қаражатының пайдаланылатын қалдықтары	0,0